

**«Көркемөнерпаз ұжымымен жұмыс істеу әдісі» пәні бойынша  
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған  
тест спецификациясы**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** «02151000 - Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша)» мамандығы, 4S02151001 - Көркемөнерпаздар хореографиялық ұжымының жетекшісі, оқытушы, 4S02151002 - Көркемөнерпаздар халық аспаптары оркестрінің (ансамблінің) жетекшісі, оқытушы, 4S02151003 – Сәндік-қолданбалы шеберлік ұжымының жетекшісі, оқытушы, 4S02151004 - Балалар тобының музыкалық жетекшісі, оқытушы біліктіліктеріне арналған «Көркемөнерпаз ұжымымен жұмыс істеу әдісі» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
1	Ұжымның қалыптасуы мен тууы	1	Ұжым. Ұжымның белгілері.
		2	Ұжымның құрылымы.
		3	Ұжымды қалыптастыру кезеңдері.
2	Ұжымды қалыптастыру кезіндегі жетекшінің қызметі	4	Көшбасшы туралы ұғым. Көшбасшы түрлері. Ұжымда көшбасшы дайындаудағы жетекшінің қызметі.
		5	Жетекшінің ұжымдағы шығармашылық және ұйымдастырушылық қызметі.
		6	Жетекшінің басқару стилі.
		7	Жетекшінің жеке қасиеттері.
3	Жетекшінің ұжыммен жұмыс істеу әдістемесі	8	Шығармашылық еңбектің түрі ретіндегі өзін-өзі басқару.
		9	Жетекшінің шығармашылық ұжымдағы жұмыс ерекшеліктері.
		10	Ұжымдағы әртүрлі жастағы топтармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының әдістемесі.
		11	Ұжыммен жұмыс кезіндегі жетекшінің этикасы мен педагогикалық әдісі.
4	Репертуар – шығармашылық ұжымның бейнесі	12	Репертуарға талаптар.
		13	Репертуар қалыптастырудың принциптері.
5	Ұжымдағы оқу-тәрбие жұмыстары	14	Ұжымның құндылықтары. Әлеуметтік нормалары мен олардың қызметтері. Бағдарлау құндылықтары.
		15	Әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер және жоралар.
		16	Ұжымдық пікір және оны білдіру түрлері.
6	Ұжымдағы оқу сабақтарын өткізу әдістемесі	17	Ұжымдағы оқу сабақтарының түрлері.
		18	Ұжымдағы оқытудың әдістемесі.
7	Ұжымдағы дайындық	19	Дайындық – ұжымдық сабақ. Дайындық процесіне

	кезеңіндегі жетекшінің атқаратын қызметі		қойылатын талаптар.
		20	Дайындық өткізу әдістемесі.
		21	Ұжым жетекшісінің бақылау-түзетуді бағалауы.
8	Орындаушылық қызмет кезеңіндегі жетекшінің қызметі	22	Концерт ұйымдастыру қызметі.
		23	Шығармашылық ұжымда келіспеушіліктерді шешу жолдары.
		24	Жетекшінің продюсерлік қызметі.
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Ұжымның пайда болуы мен қалыптасуы:** Ұжым туралы түсінік. Ұжымның белгілері. Ұжымның формальды және формальды емес құрылымы. Ұжымды қалыптастыру жолдары: перспективалы желілер жүйесін құру. Ұжымды қалыптастыру кезеңдері. Ұйымдастыру кезеңі. Басшы-ұйымдастырушының рөлі. Басшыға қойылатын талаптар.

**Ұжымды қалыптастыру кезіндегі жетекшінің қызметі:** Ұжымды қалыптастыру кезіндегі жетекшінің жұмыс ерекшеліктері. Бастапқы деңгейдегі ұжымға қойылатын талаптар. Ұжымды қалыптастыру кезеңіндегі жетекшінің ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттерінің рөлі. Бақылау. Талдау. Ұжымға қойылатын талаптарды бағалау. Мақсатты анықтау. Жас ерекшелік психологиялық ерекшеліктерін білу. Көшбасшылықты анықтау. Көшбасшы және тізбек. Ұжым көшбасшыларын жіктеу.

**Жетекшінің ұжыммен жұмыс істеу әдістемесі:** Көркем өнерпазға қатысушылардың мәдени сұраныстарын қанағаттандыру, олардың көркем-шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту, өнерді насихаттау. Ішкі ұйымдастыру ерекшеліктері, құрылымдары, көркемөнер ұжымына қатысушылардың педагогикалық іс-әрекетіне басшылық жасау. Тәрбие әдістерінің психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, ұжым жетекшісінің жұмысы арқылы оларды жүзеге асыру. Ұжымның шығармашылық қызметін ұйымдастыру формалары. Тәрбие үдерісінің негізгі кезеңдері.

**Репертуар - шығармашылық ұжымның бейнесі:** Репертуарды іріктеу -шығармашылық процесс. Репертуарды қалыптастыру принциптері: идеялық, көркемдік, халықтық, жалпы педагогикалық ұстанымдарды орындау принциптері, ұжымның жас құрамына сәйкестігі, іріктеу шарттылығы, театр қызметінің ерекшеліктері. Репертуардың ұжым алдына қойылған міндеттерді шешуге сәйкестігі. Репертуарды таңдау кезінде шығармалардың мазмұнын, көркем бейненің ерекшеліктерін, драмалық шығармалардың жарық дәрежесін, қатысушыларға психологиялық әсерін, репертуардың тәрбиелік жақтарын есепке алу. Көркем өнерпаздық ұжымның шығармашылық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін қызықты, өзекті, жанрлары мен формалары бойынша әр түрлі шығармалардан репертуарды қалыптастыру.

**Ұжымдағы оқу-тәрбие жұмысы:** Ұжымның құндылықтары. Әлеуметтік нормалар және олардың қызметтері. Құнды бағдарлар. Әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер және рәсімдер. Ұжымдық пікір, оны білдіру түрлері. Театр ұжымы жетекшісі қызметінің негізгі аспектілері: қатысушыларды көркем орындаушылық қызметтің қарапайым дағдыларына үйрету, ұжымның дайындық процесіндегі орындаушылық, тәрбиелік және ойын-сауық сәттерін үйлестіру.

**Ұжымдағы оқу сабақтарын өткізу әдістемесі:** Ұжымда оқу сабақтарын тағайындау (оқу-танымдық қызмет, жаңа қызмет түрлерін меңгеру). Жаттығуларға дайындық. Оқу сабақтарындағы жұмыс: партияларды есте сақтау, рөлдерді, сахнада қимылдарды үйрену. Оқу сабақтарының түрлері: ақпараттық-теориялық (әңгімелер, өнертанушылардың, театр өнері шеберлерінің сөз сөйлеулері), көрнекі-демонстрациялық (спектакльдерді қарау), шығармашылық-іздену (эвристикалық әңгімелер, шығармашылық пікірталастар, талқылаулар, іскерлік ойындар). Ұжымдағы оқыту әдістері: практикалық көрсету әдісі, жаттығу дайындықтары.

**Ұжымдағы дайындық кезеңіндегі жетекшінің атқаратын қызметі:** Дайындық-көркем-орындаушылық және техникалық өңдеу, өнер туындыларын өңдеу бойынша ұжымдық сабақ. Ұжымның жеке және бірлескен сабақтарын, дайындықтарды жоспарлау. Дайындық процесі кезіндегі талаптар. Дайындық қарқыны. Дайындықтардың аяқталған сипаты. Жаттығуды өткізу

әдістемесі: жаттығудың бірінші жартысында ұжыммен күрделі жұмыспен айналысу (жаңа пьесаларда техникалық және көркемдік жағынан орын алатын қиындықтар және рөлдерді оқыту), бүкіл ұжымның ойыны, эмоциялық-бейнелі мазмұнмен байланысты шығармашылық қызмет түрлерімен айналысу (бұрын қойылған пьесалардың толық қайтарымы бар ойыны).

Дайындық процесін бақылау, талдау, бағалау, қорыту. Ұжым қызметі жетекшісінің бақылау-түзетуді бағалауы.

**Орындаушылық қызмет кезеңіндегі жетекшінің қызметі:** Қызметті талдау, бағалау, түзету, әртүрлі даму деңгейіндегі ұжымдарда жаңа мақсаттар мен міндеттерді әзірлеу және қою. Концерттік қызметті ұйымдастыру. Жетекшінің продюсерлік қызметі.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:**

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абиев Ж, Бабаев С, Кудиярова А. Педагогика – Алматы: Дарын, 2004 ж.

2. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ә.У.Ғалымова, Р.К.Ильясова. Педагогика. «Фолиант» баспасы. Астана-2007 ж.

3. Педагогикалық ізденіс. Алматы, «Рауан», 1990 ж.

4. Байжанова З. Жалпы педагогика. «Таймас Баспа Үйі», Алматы, 2008 ж.

5. Каргин А.С. Воспитательная работа в самодеятельном коллективе. М: Просвещение, 1984 г.

6. Сухомлинский В.А. Коллективтің құдіретті күші. Алматы, «Мектеп», 1979 ж.

7. Бакланова Т.И. Педагогика художественной самодеятельности. М, 1992 г.

8. Бакланова Т.И. Организация и научно-методическое обеспечение художественной самодеятельности. М, 1992 г.

9. Жарков А. Д. Организация культурно-просветительной работы: учебное пособие, Москва, Просвещение, 1989 г.

10. Ф.Х. Попова. Культуротворческие технологии: учебно-методическое пособие Тюмень, РИЦ ТГАКИ, 2008 г.